Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының «Кентау өңірлік мемлекеттік архиві» КММ

БҰЙРЫҚ

2025 жыл 26 желтоқсандағы **№23 н/қ**

Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (бұдан әрі - Заң) 16 – бабының 3, 4, 5 және 6 тармақтарына сәйкес және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 506, 507, 508 және 509 тармақтарына негізделе отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының «Кентау өңірлік мемлекеттік архиві» КММ-сі табиғи монополия салаларына жататын «Электр энергиясы», «Ауыз су беру, Сумен жабдықтау, су бұру» және «Ыстық су (жылу энергиясы)» тауарлар мен қызметтерін С. Байтереков №5 мекен-жайы бойынша орналасқан мекеменің ғимаратына, «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабы, 3-тармағының 1)-тармақшасы негізінде **Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден** сатып алу тәсілімен жүзеге асырылсын:
2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы – **Балғабаев Абылайхан Гарипулаұлы,** Заңның 5-бабының 1-тармақшасында көзделген қағидаттарды сақтай отырып мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті әрекеттерді орындасын.
3. Бұйрықтың орындалуын өз құзырыма қалдырамын.
4. Бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Бас есепші А.Балғабаевтың қызметтік хаты.

Басшы **Е.А. Алмерденов**